

6D011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Дуйсебекова Жайнагул Муратқызының «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

### 1. Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Тіл білімінің қазіргі кезеңдегі дамуы тілдік ішкі жүйеліліктен антропоэлектік парадигмаға негізделуімен сипатталады. Осымен байланысты тілдің танымдық, прагматикалық, коммуникативтік қызметін зерттеуге басымдық берілуде. Аталған бағыттағы зерттеулер ауызша тіл және оның қолданыстағы ерекшеліктерімен байланысты. Ауызша тілдің табиғатын сөз мәдениетімен бірлікте қарастырып, әдістемелік ғылыми негіздерін жасау – лингводиактиканың өзекті мәселелерінің бірі. Осы тұрғысынан диссертант Ж.М.Дуйсебекованың жоғары оқу орындарында филолог студенттердің сөз мәдениетін ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын оқыту арқылы қалыптастыруды ғылыми-әдістемелік тұрғысынан зерттеуі жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында арнайы қарастырылмаған.

Болашақ филолог мамандардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың маңызды қырларының бірі сөз мәдениетін жетілдіруді педагогикалық дискурс аясында қарастыру зерттеу жұмысының әдістемелік тұрғыдан, ауызша тілді сөйлеу жағдаятына сай типтерге бөлу, оны тілдік тұлғаның лингвотанымдық сипатын зерттеу лингвистикалық тұрғыдан өзектілігін дәлелдейді.

### 2. Алынған нәтижелер негізділігі мен дәйектілігінің, олардың жаңалығының дәрежесі.

Диссертант зерттеу жұмысының міндеттерін жүзеге асыру үдерісі барысында келесідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Олар:

- ауызша тіл мен жазба тіл тек өмір сүру формаларымен ғана емес, коммуникация барысында қолданылатын тілдік амалдары, құралдарымен де дараланатыны нақтыланып, ауызша тілдің қолданыстағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық белгілері анықталды;
- ауызша тілдің ерекшеліктері мен оның қолданылу мақсаты, сөйлеу жағдаятына байланысты жіктелімі, қызметтері айқындалып, қоғамда қалыптасқан қазіргі тілдік ахуал жағдайында бейтарап сөйлеу тілін дамыту мемлекеттік тілдің өміршеңдігін сақтап қалудың кепілі ретінде дәйектелді.
- ауызша сөз мәдениетін меңгерту педагогикалық дискурс аясында қарастырылып, оны оқытудың тілбілімдік, психологиялық, когнитивтік, лингвоәлеуметтік және педагогикалық қырлары ғылыми негізделді;

- жоғары білім беру жүйесінде филолог студенттерді даярлауда ауызша сөз мәдениетін оқыту жайы мен оларды «Риторика және педагогтің сөйлеу мәдениеті» пәні аясында оқытудың қажеттілігі мен тиімділігі дәлелденді;
- ұсынылған пәннің тақырыптық мазмұны негізінде ауызша сөз мәдениетін оқытудың тәжірибе жүзінде тиімді деп танылған жаңаша әдіс-тәсілдері мен оқыту үдерісі барысында білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған жаңа әдістемелік жүйе ұсынылды.

### **3. Алынған жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.**

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері жалпы сөз мәдениеті, шешендіктану және прагмалингвистика, лингвоэкология бойынша теориялық тұжырымдарды дамытумен қатар, білім беру жүйесінде таңдау пәндері ретінде болашақ мамандардың теориялық-әдістемелік білімдерін қалыптастыруға үлесін тигізеді.

«Риторика және педагогтің сөйлеу мәдениеті» атты таңдау курсының бағдарламасы мен студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралдарының құрастырылып, тәжірибеде тиімді қолданылуы зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызын толықтай ашады.

Дүйсебекова Жайнагул Муратқызының зерттеу жұмысын болашақ филолог мамандарды даярлауда өз үлесін қосатын маңызды ғылыми-әдістемелік жұмыстардың бірі деп есептеймін.

### **4. Диссертацияның мазмұны мен жазылу жағынан кездескен кемшіліктер.**

Диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға сай әзірленген, рәсімделуінде қателіктер жоқ, мазмұны толық.

### **5. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.**

Диссертант Ж.М.Дүйсебекованың «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы толық аяқталған және мамандықтың паспортына сәйкес келеді.

### **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті жарық көруіне растама.**

Диссертациялық жұмысты орындау кезінде алынған нәтижелер мен қорытындылар нөлдік емес көрсеткіші бар Scopus базасына енген журналдарда 2 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізіміндегі журналдарда 6 мақала, 4 мақала алыс шетелде өткен ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағында және 15 мақала Қазақстан Республикасы мен жақын шетелдердің ғылыми басылымдары мен конференция материалдарында жарияланды. Зерттеу

тақырыбына қатысты 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 тапсырмалар мен жаттығулар жинағы жарық көрді.

**7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының PhD докторанты Ж.М.Дуйсебекованың «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толық қанағаттандырады.

Дуйсебекова Жайнагул Муратқызының «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы зерттеу еңбегін диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

**Ғылыми кеңесші,  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық  
университетінің профессоры, педагогика  
ғылымдарының докторы**



Қолы  
Подпись **Ж.Н.Сүлейменова**

Растаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті персоналды басқару бөлімінің бастығы  
Заверено: Начальник отдела по управлению персоналом  
Казахского государственного женского педагогического университета